




Қазақстан
Республикасының
прокуратура органдары
қызметінің негізгі
бағыттары






- 
- Қазақстан Республикасының прокуратурасы органдарының біртұтас жүйесін Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және соларға теңестірілген әскери және мамандандырылған прокуратуралар құрайды.
- 

- 
- ҚР Бас прокуратурасы прокурорлық жүйенің жоғары буыны болып табылады және барлық прокуратура органдары мен оның мекемелеріне басшылықты жүзеге асырады. Бас прокуратураны жоғарыда аталған Занның 12-бабына сәйкес ҚР Бас прокуроры басқарады. Оның ҚР Президенті ҚР Бас прокурорының ұсынуымен қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бірінші орынбасары мен орынбасарлары болады. Бас прокуратурада құрамында оның төрағасы болып табылатын ҚР Бас прокуроры және мүшелері: ҚР Бас прокуроры тағайындайтын бірінші орынбасары және орын-басарлары (лауазым бойынша), басқа да прокурор қызметкерлер болатын Алқа құрылады.



- ҚР Бас прокуратурасының құрылымын аға көмекшілер болып табылатын бастықтар басқаратын департаменттер, басқармалар мен бөлімдер құрайды. ҚР Бас прокурорының ерекше тапсырмалар жөніндегі кеңесшілері мен көмекшілері болады. ҚР Бас прокуроры орынбасарларының да ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілері болады.
- Департаменттерде, басқармаларда және бөлімдерде аға прокурорлар және прокурорлар лауазымы көзделген.
- Бөлімшелердің әрқайсысы заңмен белгіленген прокурорлық қада-ғалаудың бағыттарын ескере отырып, прокурорлық жүйенің функцияларынан туындайтын міндеттерді шешеді және орындайды.



Бас басқарма құқығында ҚР Бас прокуратурасының құрылымына бір мезгілде ҚР Бас прокурорының орынбасары болып табылатын Бас әскери прокурор басқаратын Бас әскери прокуратура кіреді.

Департаменттердің, басқармалар мен бөлімдердің бастықтарын және олардың орынбасарларын, сондай-ақ аға көмекшілер, көмекшілер, ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілерді, департаменттердің, басқармалар мен бөлімдердің аға прокурорлары мен прокурорларын республика Бас проку-роры қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

- Жоғарыда аталған Заңның 12-бабының 5-тармағына сәйкес «Бас прокуратура:
- 1) Республика прокуратура органдарының іс-қимылдарын олардың қызметінің негізгі бағыттары бойынша үйлестірілуі мен орайластырылуын қамтамасыз етеді;
- 2) Республикада заңдардың орындалуын, заңдылықтың жай-күйін қадағалау практикасына талдау жасайды;
- 3) прокурорлық қадағалауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- 4) Республика прокуратура органдарының заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі жұмысын бақылайды;
- 5) заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуде жедел-ізвестіру қызметін, анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын басқа да республикалық құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды және олардың қызметін үйлестіріп отырады;
- 6) кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және жүргізеді;
- 7) норма шығармашылық қызметіне қатысады;
- 8) халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының атынан өкілдік етеді».



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!